




10-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ, 1-БӨЛІМ

Үндістан тарихының мұсылмандық
дәуірі





Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Үндістан тарихының мұсылмандық дәуірі

Үндістан тарихының мұсылмандық дәуіріне арналмақ. Біздің дәуіріміздің екінші мыңжылдығындағы мәдени алмасудың жалғастығын мұсылмандық дәуірдегі Үндістан тарихынан әңгімемізді жалғастырамыз. Дәрістің мақсаты: Орталық Азия мұсылмандық мәдениетінің Үндістан музыкасына әсерін көрсету, және сол арқылы еліміздің Үнді мәдениетімен мәдени байланыстарын айқындау болмақ.

Он үшінші ғасырда Ядав Сингхан патшаның сарайында санскрит тілінде құрылған теориялық трактат жазылды. Ол субконтиненттің музыкалық жүйесіндегі терең өзгерістер туралы қуәлік еткен. Алғашқы жеті тарауда дыбыс туралы талқыланған - оның генерациясы, микротондар мен интервалдар, ырғақты және көне модальдық паттерндер (джати).

Екінші тарауда дәстүрлі және қазіргі түсініктегі рага (әуен түрі) талқыланады. Үшінші тарау жан-жақты, негізінде әрлендіру, импровизация мен ансамбльді қоса орындаушылық тәжірибесіне арналған. Төртінші тарау вокалды әуенге арналған және жергілікті тілдегі өлшем, құрылым композициясы және өлеңді талқылау да кіреді. Бесінші тарау бұрынғы және қазіргі талаға (уақыт циклі) арналған. «Тала үлкен қадамдар жасады. Бхарата сегіз және бес татрдың ішінен тек бес тала туралы айтады... ал Сангита Ратнакара 108 тала туралы айтқан». Алтыншы тарауда аспаптар қарастырылады және рага туындыларына арналған қалыптар келтіріледі. Жетінші тарау билерге арналған.

Ішекті аспап барлық негізгі биіктіктерді ашық ішектің биіктігінен шыққан және ақыр соңында оған бағындырылған функция ретінде оңай елестетуге болатындығымен ерекшеленеді. Бірыңғай тондық жүйе ұғымына қарай бағытталған тұжырымды өзгерістер болғаны ортағасырлық кезеңнің басында анық дәлелденген, бірақ ол көне дәуірдің соңғы ғасырларында болуы ықтимал. Мың жыл бұрын Үндістанда белгілі болған сопақ лютня ішекті аспабынан гөрі сол кезде ысқышты арфа басым болды. Жоғарыда айтылғандай, үнділік мүсіндік иконографияда цитра аспабы сопақ лютняны алмастырды. Санскрит трактаттарында жазылған әуендік жүйелер әуендік теория арфаның әуендік тәжірибесіне негізделген, деп болжалады. Бұл цитраның қолданылуы орындаушылық тәжірибені, демек әуендік теорияны өзгертпейінше жеткілікті түрде кең таралғанша арфамен ығыстырылды.

ҚАЗІРГІ ДӘУІР АЛДЫНДАҒЫ СОҢҒЫ ІРІ ӨЗАРА АЛМАСУ Үндістанға мұсылмандықтың таралуымен байланыстырылады. Бұл кезде Орталық Азиядан парсы тілді әдебиет, мұсылманша ғимарат салу, монолог миниатюрасы бейнелеу өнері және раганың мұсылман мектебі яғни карнатак таралды.

Бұл оқиғалар субконтинентте өрістеп жатқанда, Ауғанстанда Солтүстік Үндістанның мәдениетіне арналған шешуші мағынаға ие жаңа билеуші үй пайда болды. 1192 жылы Делиге орталық Азиядан таяуда ғана мұсылмандықты қабылдаған парсы тілді этникалық түркілер Горидтер әулеті келді. Он үшінші ғасырдан он алтыншы ғасырға дейін Дели сұлтандығы деген атпен белгілі болған күшті түркілік мұсылман әулетінің біріншісі Қутб-ад-дин Айбек болды. Түркі халықтары Үндістан жеріне бірнеше рет шабуыл жасағаны мәлім. Веда дәуірінен соң XI-ғасырда – Мухаммед Гури Пенджаб қаласын, ал Қутб ад дин Айбек XIII-ғасырда Дели қаласын жаулап алған соң, Дели сұлтандығы құрылды. Бұл кезден бастап үнді тарихында мұсылмандық кезең басталды. Ислам үнді мәдениетінің барлық салаларына әсер етті. Әдеби шығармаларын парсы, түрік, санскрит, араб тілдерінде жазған Әмір Хосроу Дехлеви, ақын-ойшыл Кабир, XIV-XV-ғасырлардағы кашмирлік әдебиеттің классигі Лал Дед есімдерін атамасқа болмайды. Исламның сәулет өнеріндегі ескерткіштері арабша ою, жазбалармен өрнектеліп, аспанмен астасқан зәулім мешіт, медресе, кесенелерден Делидегі 70 метр биіктіктегі Қуват ул-Ислам, XVI-шы ғасырдың ескерткіші Жами Мәжид мешіті (Дели), сонымен бірге әлемді тамсантқан Тадж Махал, Шер шах, Хумаюн кесенелері ислам мәдениетінің жауһарларын құрайды. Ислам діні орныққан Үндістан аймақтарында парсы тілі ұлттаралық, ресми, мемлекеттік, әдеби классикалық тіл болып орнығуы мойынмен бірге танымал ақын Әмір Хосроу Дехлевимен байланыстырылады. Ата-анасы Орта Азиядан моңғол шапқыншылығы кезінде үдере көшуге мәжбүр болса да өзі Дели қаласында туған ақын (сондықтан Дехлеви аталды) парсы, араб, түркі, санскрит тілдерінде сопылық символикаға толы ғазалдарын шығарған. Он поэма, бес өлең жинағы (диуани), философиялық өлең (касыда), екі мыңға жуық ғазал, өлең, ән туралы ғылыми еңбектер жазған туындылардың авторын Үндістан Президенті Дживахарлал Неру: «бұл әндер 600 жылдан астам уақыт өтсе де әлі халық жадында сақталып, ел Дехлеви әндерін сүйіп тыңдайды», деп жазған болатын. Ал XV ғасырдағы халық ақыны әрі ойшылы Кабир еш жерде білім алмаса да үнді әрі сопылық поэзиялық дәстүрдің жетік білгірі бірнеше мыңдаған өлеңдерін әнге қосып суырып салмамен орындаған. Ал XIV-XV ғасырларда жасаған кашмирлік әдебиетші Лал Дед ел кезіп, транс сезімінде суырып салма әндерін шығарды. Әмір Хосроудың Ал шоқтығы биік тұлға – Орта Азиялық (туған жері Андижан қаласы) қолбасшы, ақын және ірі меценат Захираддин Мұхаммед Бабыр, 1525 жылы Ұлы Моғол империясының негізін қалаған соң, бала жасынан әуестенген поэзия мен ғылымға бет бұрды.



Осы кезеңнің көрнекті саяси әрі мәдени қайраткері, Үндістанның солтүстігінде орналасқан Ұлы Моғол империясы атанған тұңғыш мұсылман мемлекетінің басшысы Захириддин Мұхаммед Бабыр (1483-1530) Әндіжан қаласында дүниеге келген. Он екі жасында мерт болған әкесінің орнына ел басқарушысы болып тайындалып, ержүректігі үшін ел ішінде «арыстан» - арабша «Бабыр» атанған қолбасшы, Шейбани ханның әскерінің шабуылдарына төтеп бере алмасай, өз жасағымен Ауғаньстан, Үндістанға шегінуге мәжбүр болады. Он төрт-он бес жасында Алишер Науаимен өлеңмен хат алысып, ғазал, рубай, тұйық түріндегі өлең жазған ғұлама саясаткер, музыка теориясынан да бірқатар еңбектері бар. Бабырдың Сығанақ қаласында ойлап табылған жазу таңбасы тарихта «хат и Бабыр» атауымен қалған. «Аруз туралы трактатында» ол көне түрік, шағатай, араб-парсы поэзиясының ішкі табиғатын саралады.

Бабырдың «Бабырнама» шығармасында Орта Азия, Ауғаньстан, Үндістан елдерінің саяси, географиялық, этнографиялық, көркем тіл ерекшелігі екшеленеді. Мұнда Түркістан, Сайрам, Отырар қалалары, Сырдария және Арыс өзендері аталып, қыпшақ, дулат, жалайыр, арғын руларынан 20 шақты қоғам қайраткерлеріне мінездеме берілген. Сол сияқты қасыда өлең (мадақ өлең) жазған Хасен Әли ақын туралы баяндалған. Бабыр Кабул қаласының Шердорвоза тауының етегінде жерленген. Ол жерді «Бағи Бабыр» деп атайды.

Бабырдың немере қызы Гүлбадан бегім түркі, араб, парсы тілдерін жетік біліп, қаламы жүйрік жазушы болған.

Үндістанда шығармаларын парсы тілінде жазғандардан шейх Абу Файыз Файзи, Бедиль, Урфи, Ширази есімдерін атамасқа болмайды. Энциклопедист ғалым Абу Файыз Файзи тарих, әдебиет, медицина, математика, дән және фәлсафа салаларында танымал болса, Ширази «Фархад - Шырын», «Пәк ойлар жинағы» суфизм фәлсафасынан ой толғайтын туындыларымен танымал.

XVI-XVII ғасырларда Моғолстанда сурет өнерінде де өз ұстанымы бар мектеп қалыптасты. Ол Моғол миниатюрасы деген атаумен белгілі. Исламның тірі жанды бейнелеуге болмайтындығына қарамастан моғол миниатюрасында сарай өмірі жан-жақты бейнеленді. Мұнда музыкалық аспаптар, орындаушылар, бишілер елеулі орын алады. Суреттер арасында рага және рагини түрлері де кездеседі.

Міне, Моғол империясы кезеңінен бастап Үндістанда Орта Азиядан әкелінген көптеген музыкалық аспаптардың таралуымен ерекшеленген Үндістанның солтүстігіндегі Хиндустани музыка стилі, оңтүстіктегі Карнатак яғни исламнан басқа діндегі халықтармен байланыстырылғанын көрсетеді. Үнді музыкалық аспаптары қаланың отырықшы мәдениетінің туындысы болғандықтан, жасалу материалы жағынан қазақ аспаптарына ұқсамайды. Мысалы, мұсылман үнділердің арасында тараған ішекті аспаптар асқабақтан, ішектері темірден жасалады. Үрмелі аспаптары негізінен барлық шығыс Азия халықтарындағыдай бамбук ағашынан ойылады. Барабандары негізінен сопақша келеді, ал мұсылмандар арасында кең тараған табла тіпті бір емес екі барабаннан құралған. Шертіп ойналатын ішекті аспаптарында ішектің саны 24 дейін жетеді (ситар). Жетіген тектес сантур аспабын таяқпен ұрып ойнаған. Үрмелі аспаптар түрлі мақсаттарда қолданылды. Біреулері теңіз қабыршағынан жасалынып соғыста, аңшылықта белгі беру мақсатында айналса, ал екінші біреулері пілдің, жыланның мінезін реттеуге көмектескен. Бір қатар үрмелі аспаптар ашық алаңдарда биге және әнге сүйемелдеді. Өздігінен дыбыс шығаратын майда қоңырауларды аяқ қолға киіп, би кезінде қолданса, тумбак дейтін аспап қарапайым құмыра, оны алуан түрлі ырғақтарды шығару үшін пайдаланды.

Жалпы, ертеректегі заманның петроглифтер мен барельефтеріндегі бейнелерден бастау алған музыкалық аспаптардың барлық түрі музыка мен би өнерінің тұтастығын көрсеткен. Орталық Азиядан ауып келген аспаптардың арасында шенаи, ситар, табла т.б., әсіресе ішекті аспаптар арасында Шива құдайымен байланысты Вина Үндістанның оңтүстігіндегі қос резонаторы асқабақтан жасалынған музыкалық аспаптардың патшайымы болса, солтүстік Үндістанның Кашмир, Дели штаттарында тараған, Орталық және Батыс Азиядан ауып келген дыбыстық вибрациясымен тамсандыратын арнайы темір плектормен ойналатын ситар аспабы солтүстік мектептің рагасы үшін жаралған. Оның асқабақтан жасалынған резонаторы және еркін жылжытыла алатын сым пернелерінен бесеуі сым, екеуі бурдонды және 17-і резонансты ішектері ерекше вибрациялық эффект туғызады. Негізінен ансамбльдік ұжымдарда қолданылатын тамбура концертті әрі бурдонды аспап. Резонаторы асқабақ немесе ағаштан жасалынған аспаптың мойнында төрт ішек орналасқан (G-C-c-c1). Үндістанның солтүстік бөлігіндегі аспаптардың бірі сарод та 7-і негізгі, екі қосымша және он бес резонансты ішектері бар. Медиаторы ағаш немесе пілдің сүйегінен жасалынады. Сол сияқты көп ішекті сантур және ысқышты саранги аспаптарының орындаушылық практикада ерекше мәнге ие. Үндінің үрмелі аспаптары алуан түрлі мақсаттарда қолданылады. Теңіз қабыршағынан жасалынған үрмелі аспаптар Вишну құдайының белгісі болса,



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Үндістан тарихының мұсылмандық дәуірі

бамбуктен жасалынған флейталар Кришнаның сүйікті аспабы болса, карна секілді аспаптар соғыста, аңшылықта және ашық алаңдарда белгі беру, биге сүйемелдеу үшін қолданылса, V-IX ғасырлардың жазба деректерінде аталып және XVI ғасырдың моғолдық сурет миниатюраларында бейнеленген гобойға жақын шенаи да Орталық Азия мен Моңғолиядан көшірілген аспап. Арғы атасы сурнай, зурна аспаптары секілді шенаиде клапандары жоқ болғандықтан, ойықтарын саусақпен жауып ойнайды.

«Натьяшастрада» мриданг атты бөшке секілдес барабандар тобын құрайтын ортақ атаулардан құралған ұрмалы аспаптардың ішінде ерекше көзге түсетін табла. II ғасырдың барельефтерде, көне кітаптарда бейнеленіп, жасалу жолдары баяндалған ұрмалы аспаптармен байланыстырылатын мридангқа бас ию рәсімі болғанын да тілге тиек ету орынды. Табла дыбыс жоғарылығы анық барабан болғандықтан, аспаптың ортасы мен мембрананың шетіндегі дыбыстардың айырмашылықтары байқалып отырады. Аспапта глиссандо әдісін орындалу мүмкіндігі оның техникалық ойнау тәсілдерін кеңесте түскендей. Табланың мембранасына жағылатын құм пастасы жайлы деректерді «Натьяшастра» кітабынан кездестірсек, аспаптың жасалуын XIII ғасырда Әмір Хосроу есімді өнерпазбен байланыстырылады. Ақбар заманында екі өнерпаздың сайысында жеңіліске жеткен өнерпаз өкініштен өз аспабын жерге тастаған деседі. Содан бері екіге бөлініп кеткен аспап екі барабаннан құралады: табла және дагга. Солтүстіктегі сопылық дәстүрмен сабақтас эктар – бамбукты мойынға тіреліп жасалынған асқабақ резонаторға жалғыз ішек тағылған аспап. Өнге бурдонды сүйемелдеу және ырғақтық иірім ретінде қолданылған эктарға Үндістанның мистик ақындары Мира, Кабир, Тукаран өз туындыларына сүйемелдеп айтты.

Ұлы Моғолдар кезеңінде әр түрлі топтардың тапсырысы бойынша орындалған суреттерде, (ол моғол миниатюрасы деген атпен тарихта белгілі) сарай өмірі туралы жан-жақты мәліметтер жеткізіледі. Ақбардың бүкіл билеу кезеңінде безендірілген кітап қолжазбалары оны қоршаған әр түрлі этникалық топтардың қарым-қатынасынан да дерек береді. Әсіресе оның сарайында ресми кітап безендірушілері айырықша роль атқарды. Қолжазба безендірілуі ресми сарай сахналары, көптеген шайқастар, әскери жеңістердің мерекелік салтанаты, тәж кигізу, басқарушылардың дүниеге келуі, король нөкерлерінің шеруі, король сарайындағы атақты қонақтардың сарай ішінде немесе одан тыс сәлем берулері, ерлердің ойын-сауық шаралары мен спорттық шаралары, рәсімдер, әдеттен тыс драмалық оқиғалар, сопылық жиналыстар мен әр алуан басқа да бейнелер орын алған.

Мысалға моғол миниатюраларынан Наубат-хан жаршылар ансамблі, рудра-винада ойнаушы, және аса құнды жәдігер зинн аспабын ұстап тұр және үнемі өзінің таяғына сүйеніп жүретін ұлы әнші Тансен.

Ақбардың бақылауында туындаған шағын суреттерде көрсетілген аспаптардың көпшілігі парсы мен ауған мәдениетіне тиесілі - бірнеше түрлі шекті лютня, оның ішінде ауған рабабы бар (қазіргі сародтың ізашары деп есептеледі), иілген шекті лютня (ghichak), цитра (qanun), ұзынша флейта (na' i), қосқапалы шамның екі түрі (surna, олардың біреуі түбірлі болуы ықтимал), қаңқалы барабан (daflda'ira), таяқшасы бар тостаған тәрізді барабан (наккара) және дауысы қатты керней (карна). Қайталанатын үнді аспаптары С-кейіптес мүйіз (s ng) жаршылар ансамблінде, цитра (rudra vina), және екібасты бөшкекейіптес қолмен ойналатын пахавай - біріншісі сот сахнасында көрсетілген, соңғысы үнді әйелдерінің би сахнасында - қолға ұстайтын табақтар (тала) және екібасты цилиндрлік барабандар (дхол) болып табылады.

Джахангир заманының кішкентай ою суреттері мен портреттерінен ұлы патша жиынын, сонымен қатар жаршылар ансамбліндегі аспаптарды, соның ішінде күрделі техниканы ойнауға арналған Наубат атты шағын барабан және құбырлы кернейді көруге болады. Олар, сондай-ақ, ауған рабабы мен лютнасын азырақ көрсетеді, бірақ жеткілікті түрде үлкен дхрупад рабаб деп аталатын шекті лютняны, едәуір үлкен, бәлкім тіпті жергілікті болып табылатын аспаптарды - сарангқа ұқсас иілген лютнаны, әйелдер тобы бірігіп ән салған наахтағы нәзік рудраны - көрсетеді.

Моғолдың билеушілерінің бірі шах Алам II (1759-1806ж.ж. билеген) өзі музыканы жақсы білген. Оның қолында парсы, хинди және пенджаб тілінде жазылған әндер жинағы болған. Құлдырап бара жатқан Ұлы Моғолдардың соңғы билеушісі Бахадур Шах II ағылшындар Бирманы 1858 жылы тастап кетуге мәжбүр болғанға дейін, 1837 жылға дейін билеген.

Міне, бүгінгі Үндістанның исламдық дәуірдегі мәдениеті туралы дәрісіміздің өзегі Үндістанның еліміздің мәдениетімен арадағы байланыстарын ашу еді. Бұл бүгінгі таңда күрделі әрі зерттеп ізденуді қажет ететін мәселе. Және ол болашақ жас зерттеушілердің еншісінде.

Дәріс бойынша қосымша ресурстар:

1. Джонс У. (1792) «Үндістердің музыкалық тәсілдері», қараңыз С. М. Тагор (ред.), «Әр түрлі



- авторлардағы Индуистік музыка», Калькутта, 1875 / R, басылым түпнұсқасы Asiotick Research
2. Кришнасвами С. (1965) «Musico / Үндістан аспаптары», Дели
 3. Murthy KK (1985) Archoeo / ogy ofndion Musico / Instruments, Дели: Sundeep Prakashan Nakhshabi, Z. (1978)
 4. С / Eve / және өнер мұражайы «Тоты-нама», ауд. М. А. Симсар, Кливленд өнер мұражайы
 5. Невилл, HR (1928) «Физобод, Газетир, Аллахабад: Үкіметтік баспасөз»
 6. Pacholczyk J. (1978) «Суфьяна калам, Кашмирдің классикалық музыкасы, Азиялық музыка»,
 7. Parthasarathy R. (1993) Oppotikaram ofl / onkoAtiko / , Нью-Йорк: Columbia University Press
 8. Pingle BA (1962) «Портику музыка тарихы / немесе Теория мен Практика сілтемесі », Калькутта
 9. Пауэрс, X. (nd) «Классикалық музыка тарихы», в R. Qureshi, «India», Grove Music Online, Oxford Music Online, Oxford University Press (1963)
 10. «Үнді музыка тарихы», вып. 1: «Көне кезең», Калькутта: Рамакришна Веданта Матх Куреши (1981)
«Үнді ортасындағы ислам музыкасы: Шииттік мәжіліс, Ethnomusico
 11. Д. Шульман пен С. Субрахманьям (2003) «Уақыт текстурасы: Оңтүстік Индио тарихын жазу. 1600-1800», Нью-Йорк: Other Press
 12. Roche, D. (1996) « Деви Амбы барабаны: оңтүстік Раджастхандағы остинатолы рухани-кұлай беріле орындалған таңғажайып Мина ырымындағы мадақ, докторлық диссертация, Калифорниядағы Беркли Университеті
 13. Роуэлл LE (1992) «Музыка мен музыка / Құлақтағы ой», Чикаго Университетінің баспасөзі
 14. «Оңтүстік Үндістанның ертеректегі тамилдер музыкасындағы сән мен көлем», Music Theory Spectrum, (1963)